

Есеп жүргізудің және мемлекеттік кірістер органына есептілікті ұсынудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 10 сәуірдегі № 374 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 13 сәуірде № 20380 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 38-бабы 2-тармағына, 167-бабы 5) тармақшасына, 431-бабы 1 және 2-тармағына, 494-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, 500-бабы 3) тармақшасына, 507-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, 514-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, 521-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, 528-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, 541-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 19.07.2024 № 470 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік кірістер органына есептілікті ұсыну қағидалары мен мерзімдері, тауарлар мен (немесе) көлік құралдардың есебін жүргізу тәртібі, есептілікті ұсыну тәсілі, электрондық құжат түрінде ұсынылатын есептердің құрылымы мен форматы, оларды толтыру тәртібі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Сақтауда тұрған тауарлардың және (немесе) көлік құралдарының есеп нысаны;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Кедендік операциялар туралы есеп нысаны;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Бажсыз сауда дүкендеріне түскен тауарлар мен оларды өткізу туралы есеп нысаны;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес Еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлармен, сондай-ақ осындай тауарлардан дайындалған (алынған) тауарлармен жүргізілген операциялар туралы есеп нысаны;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес Шетелдік тауарларды, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінде белгіленгенге карағанда, оларға қатысты кедендік әкелу бажының ең төмен мөлшерлемесі қолданылатын тауарларды пайдалану бойынша есеп нысаны;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес Кедендік транзит кедендік рәсімімен тауарларды тасымалдау үшін жарамды көлік құралдары туралы есеп нысаны бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 19.07.2024 № 470 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мыналар:

1) "Есеп жүргізу және мемлекеттік кірістер органына есептілікті ұсынудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 15 наурыздағы № 367 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16680 болып тіркелді, 2018 жылғы 13 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электронды түрде жарияланды);

2) "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 20 қарашадағы № 1278 бұйрығының 2-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19634 болып тіркелді, 2019 жылы 27 қарашада Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланды) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
Бірінші Орынбасары- Қаржы министрі*

А. Смаилов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Статистика комитеті

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
Бірінші орынбасары –

Мемлекеттік кірістер органына есептілікті ұсыну қағидалары мен мерзімдері, тауарлар мен (немесе) көлік құралдардың есебін жүргізу тәртібі, есептілікті ұсыну тәсілі, электрондық құжат түрінде ұсынылатын есептердің құрылымы мен форматы, оларды толтыру тәртібі

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 19.07.2024 № 470 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік кірістер органына есептілікті ұсыну қағидалары мен мерзімдері, тауарлар мен (немесе) көлік құралдардың есебін жүргізу тәртібі, есептілікті ұсыну тәсілі, электрондық құжат түрінде ұсынылатын есептердің құрылымы мен форматы, оларды толтыру тәртібі (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 38-бабы 2-тармағына, 167-бабы 5) тармақшасына, 431-бабы 1 және 2-тармағына, 494-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, 500-бабы 3) тармақшасына, 507-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, 514-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, 521-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, 528-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, 541-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес әзірленді және кедендік бақылаудағы тауарларды және (немесе) көлік құралдарын және олармен жасалатын кедендік операцияларды есепке алуды жүргізу тәртібін, еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарларға, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақтың тауарларына иелік ететін және (немесе) оларды пайдаланатын тұлғалар, кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғалар мемлекеттік кірістер органдарына, оның ішінде мемлекеттік кірістер органдарының талабы бойынша сақталатын, тасымалданатын, өткізілетін, қайта өңделетін және (немесе) пайдаланылатын тауарлар туралы, сондай-ақ жасалған кедендік операциялар туралы есептілік ұсыну мерзімін, сондай-ақ есептілікті ұсыну тәсілі, электрондық құжат түрінде ұсынылатын есептердің құрылымы мен форматы, оларды толтыру тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 19.07.2024 № 470 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Есептілікті ұсыну тәсілі, электронды құжат түрінде ұсынылатын есептердің құрылымы мен форматы

2. Кеден ісі саласында қызметті жүзеге асыратын тұлғалар, уәкілетті экономикалық операторлар, шетелдік тауарларды, сондай-ақ еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған Еуразиялық экономикалық одақтың тауарларын иеленетін және (немесе) пайдаланатын тұлғалар есептілікті мемлекеттік кірістер органдарына осы бұйрыққа 2, 3, 4, 5, 6 және 7-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша Excel форматындағы электронды құжат түрінде ұсынады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 19.07.2024 № 470 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Кеден ісі саласында қызметті жүзеге асыратын тұлғалар, уәкілетті экономикалық операторлар, шетелдік тауарларды, сондай-ақ еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған Еуразиялық экономикалық одақтың тауарларын иеленетін және (немесе) пайдаланатын тұлғалар ресімдейтін тауарлар мен көлік құралдары Excel форматындағы электронды құжат түрінде есепке алынуға жатады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 19.07.2024 № 470 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Ұсынылатын есептердің құрылымы мен форматы осы бұйрықта көзделген есеп нысандарының негізінде құрылады.

5. Кеден ісі саласында қызметті жүзеге асыратын тұлғалар, уәкілетті экономикалық операторлар, шетелдік тауарларды, сондай-ақ еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен және еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған Еуразиялық экономикалық одақтың тауарларын иеленетін және (немесе) пайдаланатын тұлғалар есептерін мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелері арқылы ұсынады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 19.07.2024 № 470 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Өз тауарларын сақтау қоймалары, уақытша сақтау қоймалары, кеден қоймалары иелерінің және уәкілетті экономикалық операторлардың сақтауда тұрған тауарлардың және (немесе) көлік құралдардың есебін ұсыну тәртібі мен мерзімдері, сондай-ақ оларды толытру тәртібі

6. Өз тауарларын сақтау қоймаларының, уақытша сақтау қоймаларының, кеден қоймаларының иелері және уәкілетті экономикалық операторлар тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың оныншы күнінен кешіктірмей, қызмет аймағында уақытша сақтау қоймасы тұрған мемлекеттік кірістер органына сақтауда тұрған тауарлардың және (немесе) көлік құралдардың есебін осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес ұсынады.

7. Сақтауда тұрған тауарлардың және (немесе) көлік құралдардың есебі өзінің тауарларын сақтау қоймасының, уақытша сақтау қоймаларының, кеден қоймаларының

иелері және уәкілетті экономикалық операторлар көрсеткен, Сақтауда тұрған тауарларды және (немесе) көлік құралдарын есепке алу кітабына енгізілген деректер негізінде, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады.

8. Уақытша сақтау орындарына сақтауға түсетін тауарларды және (немесе) көлік құралдарын және олардан әкетілетін тауарларды есепке алу Сақтауда тұрған тауарларды және (немесе) көлік құралдарын есепке алудың қағаз кітабын жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

9. Сақтауда тұрған тауарларды және (немесе) көлік құралдарын есепке алу кітабының нөмірленуі әр жылдың 1 қаңтарында бірден басталады.

Қағаз тасығышта жүргізілген Сақтауда тұрған тауарларды және (немесе) көлік құралдарын есепке алу кітабы тігіледі, нөмірленеді, мөрленеді және қызметінің аймағында тауарларды уақытша сақтау қоймасы тұрған мемлекеттік кірістер органы басшысының не оны алмастыратын тұлғаның қолымен бекітіледі.

Қағаз тасығышта жүргізілген Сақтауда тұрған тауарларды және (немесе) көлік құралдарын есепке алу кітабында сызып тастау, түзету жолымен өзгертуге жол берілмейді.

Сақтауда тұрған тауарларды және (немесе) көлік құралдарын есепке алу кітабындағы барлық толықтырулар мен өзгерістер мемлекеттік кірістер органының келісімі бойынша есептің "ескертпе" бағанында көрсетіледі.

Сақтауда тұрған тауарларды және (немесе) көлік құралдарын есепке алу кітабына сызып тастау арқылы түзетуге жол берілмейді.

10. Есепті кезеңді аяқтау кезінде қалдықтар болған жағдайда мұндай қалдықтар келесі есепті кезеңге көшіріледі.

11. Сақтауда тұрған тауарлар және (немесе) көлік құралдары туралы есеп осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес мынадай түрде толтырылады:

1) "Кіріс" бөлімі:

1-бағанда сандық форматтағы реттік нөмірі көрсетіледі;

2-бағанда тауарлар мен (немесе) көлік құралын сақтауға орналастырған күн;

3-бағанда тізілімге енгізу туралы бұйрықтың тіркеу нөмірі мен күні көрсетіледі;

4-бағанда транзиттік декларацияның немесе Халықаралық тауарлардың жол тасымалы кітабының көмірі көрсетіледі;

5-бағанда тауарларды және көлік құралдарын уақытша сақтауға орналастырған тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бұдан әрі - А.Т.Ә.) (ол болған кезде) көрсетіледі. Бұл бағанды өз тауарларын уақытша сақтау қоймаларының иелері үшін ғана толтыруға міндетті;

6-бағанда көлік құралының, оның ішінде тіркеменің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

7-бағанда тауарлар мен (немесе) көлік құралдарының толық атауы көрсетіледі;

8-бағанда сақтауға орналастырылған тауардың мөлшері көрсетіледі;

9-бағанда тауардың брутто (килограмм) салмағы, көліктік (тасымалдау) құжаттар бойынша қосымша өлшем бірліктер көлемі көрсетіледі;

10-бағанда сақтауға орналастырылған тауардың (бокстің, қойманың, бөліктің, қатардың және өзгенің нөмірі) орны көрсетіледі;

2) "Шығыс" бөлімі:

11-бағанда сақталатын тауарларды декларациялау кезінде ресімделген тауарларға арналған декларацияның (бұдан әрі – ТД) немесе транзиттік декларацияның (бұдан әрі – транзиттік декларация) нөмірі көрсетіледі;

12-бағанда кедендік рәсіммен орналастырылған тауарлардың орын саны көрсетіледі ;

13-бағанда тауарлардың брутто (килограмм) салмағы, көліктік (тасымалдау) құжаттар бойынша қосымша өлшем бірліктер көлемі көрсетіледі;

14-бағанда қоймадан тауарларды және (немесе) көлік құралдарын әкету күні мен уақыты көрсетіледі;

3) "Қалдық" бөлімі:

15-бағанда кедендік рәсіммен орналастырылмаған тауардың орын және есепті кезең (тоқсан, жыл, ай және өзге) ауысқан кезде сақтауда қалған тауарлардың мөлшері көрсетіледі;

16-бағанда тауардың брутто (килограмм) салмағы, көліктік (тасымалдау) құжаттар бойынша қосымша өлшем бірліктер көлемі көрсетіледі;

4) "Кідірілген тауарлар" бөлімі (болған жағдайда)

17-бағанда уақытша сақтау қоймасына орналастырылған тауарларды кідірту хаттамасының нөмірі мен күні көрсетіледі;

5) "Ескертпе" бөлімі

18-бағанда қосымша мәліметтер көрсетіледі.

4-тарау. Кеден өкілінің кедендік операциялар туралы есепті ұсыну тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ толтыру тәртібі

12. Кеден өкілі тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың оны күнінен кешіктірмей кедендік операцияны жүзеге асыратын мемлекеттік кірістер органына осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кедендік операциялар туралы есепті ұсынады.

13. Кедендік операциялар туралы есеп мынадай түрде толтырылады:

1-кестеде "Ұйымның штатында тұрған кедендік операцияларды жүзеге асырумен байланысты, жұмыскерлер туралы мәліметтер":

1-бағанда реттік нөмір көрсетіледі;

2-бағанда кеден өкілінің штатында тұрған жұмыскердің Т.А.Ә. (ол болған кезде) көрсетіледі;

3-бағанда жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

4-бағанда ішкі бұйрыққа сәйкес жұмыскердің лауазымы көрсетіледі;

5-бағанда заңды тұлғаның басшысы лауазымына тағайындалуы туралы растайтын құжаттың және жұмысқа қабылдау туралы ішкі бұйрықтың нөмірі және күні көрсетіледі;

6-бағанда заңды тұлғаның басшысы лауазымынан босату туралы растайтын құжаттың және жұмыстан шығару туралы ішкі бұйрықтың нөмірі және күні көрсетіледі ;

"Ескертпе" деген 7-бағанда қосымша мәліметтер көрсетіледі.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрі орынбасарының м.а. - Қаржы министрінің м.а. 30.03.2023 № 306 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-тарау. Бажсыз сауда дүкендеріне түскен тауарлар және оларды өткізу туралы есепті ұсынудың тәртібі мен мерзімдері, сондай-ақ толтыру тәртібі

14. Бажсыз сауда дүкендерінің иелері ай сайын, есептіден кейінгі айдың жиырмамыншы күнінен кешіктірмей, қызмет аймағында мемлекеттік кірістер органына осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бажсыз сауда дүкеніне түскен тауарлар және оларды өткізу туралы есепті ұсынады.

Бажсыз сауда дүкеніне түскен тауарлар және оларды өткізу туралы есеп осы Қағидаларға 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша жүргізілетін бажсыз сауда дүкеніне түскен тауарларды есепке алу және бажсыз сауда дүкенінде өткізілген тауарларды есепке алу журналына (бұдан әрі – Есепке алу журналы) енгізілген деректер негізінде қалыптастырылады. Есепке алу журналы қағаз және (немесе) Excel форматында электронды түрде жүргізіледі.

15. Бажсыз сауда дүкеніне түскен тауарлар және оларды өткізу туралы есеп мынадай түрде толтырылады:

1) "Түскен тауарлар" бөлімінде:

1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;

2-бағанда бажсыз сауда дүкеніне тауарды орналастыру күні көрсетіледі;

3-бағанда электронды тауарларға арналған декларация нөмірі көрсетіледі;

4-бағанда тауардың толық атауы көрсетіледі;

5-бағанда Еуразиялық экономикалық комиссиясы Кеңесінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 80 шешімімен бекітілген, Еуразиялық экономикалық одақ сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауарлар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне сәйкес (бұдан әрі – ЕАЭО СЭҚ ТН) тауар коды көрсетіледі;

6-бағанда тауар саны көрсетіледі;

7-бағанда есепті кезеңнің басына тауарлар қалдығы көрсетіледі;

8-бағанда есепті кезеңнің соңына тауарлар қалдығы көрсетіледі;

9-бағанда электронды тауарларға арналған декларацияның (бұдан әрі – ЭТД) немесе ТД 7, 8, 9-бағандарына сәйкес өлшем бірлігі көрсетіледі;

10-бағанда керек-жарақтар ретінде тауарларды шығару үшін берілген ЭТД нөмірі көрсетіледі;

2) "Өткізілген тауарлар" бөлімінде:

1-бағанда реттік нөмір көрсетіледі;

2-бағанда ЭТД немесе ТД нөмірі көрсетіледі;

3-бағанда тауардың толық атауы көрсетіледі;

4-бағанда ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша тауар коды көрсетіледі;

5-бағанда тауар саны көрсетіледі;

6-бағанда ЭТД немесе ТД 5-бағанына сәйкес өлшем бірлігі көрсетіледі;

7-бағанда жеке тұлғаның отырғызу билетінің және жеке тұлғаға тиесілі елдің екі сандық коды көрсетіле отырып, жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі/тұлғаны Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде аккредитациялауды растайтын құжаттың нөмірі/жеке тұлғаға тиесілі елдің екі сандық кодын көрсете отырып, өткізу пункті арқылы келетін немесе кететін жеке тұлғаны жеке басын куәландыратын құжат көрсетіледі;

Өткізу пунктері деп Өзбекстан Республикасымен, Түркменстан Республикасымен, Қытай Халық Республикасымен Қазақстан Республикасының кедендік шекарасында және Каспий теңізімен шекарасында орналасқан кеден бекеттері және басқа орындар түсініледі.

8-бағанда тұлғаның баратын межелі елі/дипломатиялық өкілдіктің атауы көрсетіледі;

9-бағанда чектің нөмірі мен күні көрсетіле отырып, бақылау чегі туралы мәліметтер көрсетіледі;

10-бағанда бажсыз сауда кедендік рәсімін аяқтаған ЭТД немесе ТД нөмірі көрсетіледі.

3) "Керек-жарақтар ретінде бажсыз сауда кедендік рәсіміне орналастырылған, өткізілген шетелдік тауарлар" бөлімінде:

1-бағанда реттік нөмір көрсетіледі;

2-бағанда ЭТД немесе ТД нөмірі көрсетіледі;

3-бағанда тауардың толық атауы көрсетіледі;

4-бағанда ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша тауар коды көрсетіледі;

5-бағанда тауар саны көрсетіледі;

6-бағанда ЭТД немесе ТД 5-бағанына сәйкес өлшем бірлігі көрсетіледі;

7-бағанда бажсыз сауда кедендік рәсімін аяқтаған ЭТД немесе ТД нөмірі көрсетіледі;

8-бағанда өткізілмеген тауарлардың саны көрсетіледі;

9-бағанда тауарлардың қайтарылуын растайтын құжаттың күні және нөмірі/бажсыз сауда кедендік рәсімінде ұсынылған ТД нөмірі көрсетіледі;

10-бағанда ескертпе (болған жағдайда) көрсетіледі;

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 06.06.2024 № 348 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6-тарау. Еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлармен, сондай-ақ осындай тауарлардан дайындалған (алынған) тауарлармен жүргізілген операциялар туралы есепті ұсыну тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ толтыру тәртібі

16. Еркін қойма иелері тоқсан сайын, есепті салық кезеңінен кейінгі айдың он бесі күнінен кешіктірмей қызмет аймағында орналасқан мемлекеттік кірістер органына осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлармен, сондай-ақ осындай тауарлардан дайындалған (алынған) тауарлармен жүргізілген операциялар туралы есепті ұсынады.

17. Еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлармен, сондай-ақ осындай тауарлардан дайындалған (алынған) тауарлармен жүргізілген операциялар туралы есеп осы Қағидаларға 5, 6-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды, сондай-ақ осындай тауарлармен жүргізілген операцияларды есепке алу журналына (бұдан әрі – Есепке алу журналы) енгізілген деректер негізінде қалыптастырылады. Есепке алу журналы қағаз және (немесе) Excel форматында электронды түрде жүргізіледі.

Есепке алу журналдары соңғы жазба енгізілген күннен бастап 5 (бес) жыл бойы сақталады.

18. Мемлекеттік кірістер органдарына жолданған еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлармен, сондай-ақ осындай тауарлардан дайындалған (алынған) тауарлармен жүргізілген операциялар туралы есеп еркін қойма иесінде есеп ұсынған күннен бастап 5 (бес) жыл бойы сақталады.

19. Еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлармен, сондай-ақ осындай тауарлардан дайындалған (алынған) тауарлармен жүргізілген операциялар туралы есеп мынадай түрде толтырылады:

1) "Еркін қойма (бұдан әрі – ЕҚ) кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар және олармен жасалған қайта өңдеу (өңдеу) бойынша операциялар туралы мәліметтер" 1-бөлімінде:

1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;

2-бағанда тауардың толық атауы көрсетіледі;

3-бағанда 10 белгі деңгейінде ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша тауар коды көрсетіледі;

4-бағанда оған сәйкес тауар ЕҚ кедендік рәсімімен орналастырылған кедендік декларацияның нөмірі көрсетілген;

5-бағанда тауардың мөлшері көрсетіледі;

6-бағанда тауар мөлшерінің өлшем бірлігі көрсетіледі;

7-бағанда тауарлармен жүргізілген операциялардың түрі көрсетіледі;

8-бағанда тауарлар көрсетілген қаржылық-шаруашылық қызметтің бухгалтерлік есеп шоттар Жоспарына сәйкес шоттың және қосалқы шоттың нөмірі көрсетіледі;

9-бағанда тауарларды қайта өңдеу (өңдеу) бойынша операциялар нәтижесінде алынған тауардың атауы көрсетіледі;

10-бағанда тауарларды қайта өңдеу (өңдеу) бойынша операциялар нәтижесінде алынған тауардың мөлшері көрсетіледі;

11-бағанда есепті күнге ЕҚ иесінде болған оған қатысты қайта өңдеу (өңдеу) бойынша операциялар жасалмаған тауарлардың қалдығы (мөлшері) көрсетіледі;

12-бағанда тауарды пайдалану фактісін растайтын құжаттың күні мен нөмірі көрсетіледі;

13-бағанда "Ескертпе" қосымша мәліметтер көрсетіледі.

Бұл ретте есептің 1-бөлімі шетелдік тауарлар мен ЕАЭО тауарлары туралы мәліметтерді қамтиды;

2) "Есептің 1-бөлімінде көрсетілген мәліметтерге сәйкес есепті күнге ЕҚ кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарлар туралы мәліметтер" 2-бөлімінде:

1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;

2-бағанда тауардың толық атауы көрсетіледі;

3-бағанда 10 белгі деңгейінде ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша тауар коды көрсетіледі;

4-бағанда оған сәйкес ЕҚ кедендік рәсімі аяқталған кедендік декларацияның нөмірі көрсетіледі;

5-бағанда тауарлар көрсетілген қаржылық-шаруашылық қызметтің бухгалтерлік есеп шоттар Жоспарына сәйкес шоттың және қосалқы шоттың нөмірі көрсетіледі;

6-бағанда КОК № 378 шешімімен бекітілген кедендік рәсімнің коды көрсетіледі;

7-бағанда тауардың мөлшері көрсетіледі;

8-бағанда тауардың мөлшерін көрсете отырып, өлшем бірлігі көрсетіледі;

9-бағанда тауарлармен жүргізілген операция түрі көрсетіледі;

10-бағанда алдындағы кедендік декларацияның нөмірі көрсетіледі;

11-бағанда тауарлармен жасалған мәмілелер туралы мәліметтер, тауарларды өткізуді растайтын құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

12-бағанда "Ескертпе" қосымша мәліметтер көрсетіледі.

Бұл ретте есептің 2-бөлімі:

шетелдік тауарлардан дайындалған (алынған);

шетелдік тауарларды пайдалана отырып дайындалған (алынған);

ЕАЭО тауарларынан дайындалған (алынған) тауарлар туралы мәліметтерді қамтиды

7-тарау. Шетелдік тауарларды, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінде белгіленгенге қарағанда, оларға қатысты кедендік әкелу бажының ең төмен мөлшерлемесі қолданылатын тауарларды пайдалану бойынша есепті ұсыну тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ толтыру тәртібі

20. Шетелдік тауарларға ие және (немесе) оларды пайдаланатын тұлғалар жартыжылдықта бір рет, 5 ақпаннан және 5 тамыздан кешіктірмей тіркеу есебінде тұрған мемлекеттік кірістер органына осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шетелдік тауарларды, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифімен белгіленгенге қарағанда кедендік әкелу бажының ең төмен мөлшерлемесі қолданылатын тауарларды пайдалану бойынша есепті ұсынады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрі орынбасарының м.а. - Қаржы министрінің м.а. 30.03.2023 № 306 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Шетелдік тауарларды, оның ішінде ЕАЭО СЭҚ ТН белгіленгенге қарағанда кедендік әкелу бажының ең төмен мөлшерлемесі қолданылатын тауарларды пайдалану жөніндегі есеп мынадай түрде толтырылады:

- 1-бағанда реті бойынша нөмірі көрсетіледі;
- 2-бағанда шетелдік тауарға иелік ететін және (немесе) оны пайдаланатын тұлғаның Т.А.Ә. (ол болған кезде) не толық атауы көрсетіледі;
- 3-бағанда шетелдік тауарға иелік ететін және (немесе) оны пайдаланатын тұлғаның бизнес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) немесе ЖСН көрсетіледі;
- 4-бағанда әр жол бойынша ТД нөмірі көрсетіледі;
- 5-бағанда тауардың толық атауы көрсетіледі;
- 6-бағанда ТД 32-бағанына сәйкес декларацияланған шетелдік тауардың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 7-бағанда ТД 33-бағанына сәйкес ЕАЭО СЭҚ ТН сәйкес тауардың 10 мәнді коды көрсетіледі;
- 8-бағанда ТД 37-бағанына сәйкес рәсімнің құрамдық коды көрсетіледі;
- 9-бағанда ТД 38-бағанына сәйкес килограммен тауардың нетто салмағы көрсетіледі;
- 10-бағанда тауар саны өлшем бірлікпен (мысалы, саны данада, метрде, литрде, килограмда) көрсетіледі;
- 11-бағанда ТД 46-бағанына сәйкес АҚШ долларымен тауардың статистикалық құны көрсетіледі;
- 12-бағанда бухгалтерлік есепте бастапқы есепке алу құжаттарының қозғаласына сәйкес шетелдік тауарға ие және (немесе) оны пайдаланатын тұлға берген шетелдік тауардың түгендеу нөмірі (болған кезде) көрсетіледі;

13-бағанда бухгалтерлік есеп карточкасы бойынша шетелдік тауарға ие және (немесе) оны пайдаланатын тұлға берген бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарына сәйкес шот нөмірі көрсетіледі (болған кезде);

14-бағанда тауармен жасалатын іс-әрекет көрсетіледі. Толтыру кезінде мынадай кодтауды басшылыққа алу керек:

- 1) шетелдік тауарды өткізген жағдайда "1" деген цифр қойылады;
- 2) шетелдік тауарды үшінші тұлғаға берген жағдайда (мысалы, қоғамдық қор тауарды өтеусіз негізде үшінші тұлғаға берген кезде) "2" деген цифр қойылады;
- 3) шетелдік тауарды есептен шығарған жағдайда "3" деген цифр қойылады;
- 4) шетелдік тауарды жеке қажеттілігіне пайдаланған жағдайда "4" деген цифр қойылады;

15-бағанда ол бойынша тауар пайдаланылған құжат (мысалы, шот-фактура, есептен шығаруға арналған акті және өзге) көрсетіледі;

16-бағанда ол бойынша тауар пайдаланылған құжат нөмірі мен күні мынадай форматта көрсетіледі "КК.АА.ЖЖЖЖ";

17-бағанда пайдаланылған шетелдік тауардың нетто салмағы килограммен көрсетіледі;

18-бағанда пайдаланылған шетелдік тауар саны өлшем бірлікпен (мысалы, саны данада, метрде, литрде, килограмда және өзгемен) көрсетіледі;

19-бағанда шетелдік тауар өткізілген немесе берілген тұлғаның Т.А.Ә. (ол болған кезде) толық атауы көрсетіледі;

20-бағанда шетелдік тауар өткізілген немесе берілген тұлғаның БСН немесе ЖСН көрсетіледі;

21-бағанда өлшем бірлікпен (мысалы, данада, метрде, литрде, және өзгемен саны) тауарлардың қалдығы көрсетіледі;

22-бағанда есептілікті беру сәтіне шетелдік тауардың іс жүзінде орналасқан орны (мысалы, мекенжайы, ұңғыма нөмірі, кен орнының нөмірі және өзге) көрсетіледі;

23-бағанда қосымша мәліметтер көрсетіледі.

Көрсетілген есептің бағандарын толтырған кезде ұяшықтарды толтырусыз қалдыруға жол берілмейді, тиісті бағандарда қандай да бір мәліметтер болмаған жағдайда "0" (нөл) деген цифр қойылады, есептің ұяшықтарын біріктіруге жол берілмейді.

Есеп өсу қорытындысымен қалыптастырылады және қандай да бір мәндер өзгерген жағдайда деректер жартыжылдықта бір рет жаңартылады.

Шетелдік тауарды өткізген кезде есептің 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19 және 20-бағандары толтырылмайды. Бұл ретте тауарды өткізу туралы мәліметтер электрондық шот-фактураны жазып беру кезінде көрсетіледі.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрі орынбасарының м.а. - Қаржы министрінің м.а. 30.03.2023 № 306 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8-тарау. Сақталатын, тасымалданатын, өткізілетін, қайта өңделетін және (немесе) пайдаланылатын тауарлар туралы, сондай-ақ жасалған кедендік операциялар туралы есептілік мемлекеттік кірістер органына талап бойынша ұсынылатын жағдайлар

Ескерту. 8-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 19.07.2024 № 470 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

